



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### 2024 жылы Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту қорытындылары туралы

Астана қ.

2025 жыл, 27 қаңтар

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту туралы» жылдық [есебі](#) жарияланғанын хабарлайды (ҰЦҚИ). Құжатта ҰЦҚИ-дың өткен жылғы жұмыс қорытындысы шығарылып, келешекке арналған стратегиялық мақсаты айқындалған.

Инфрақұрылымды дамытудың негізгі бағыттары:

1. Цифрлық валютамен операцияларды қоса алғанда, қауіпсіз әрі үздіксіз транзакцияларды қамтамасыз ету.
2. Биометриялық сәйкестендіру мен келісімдерді басқару үшін цифрлық сервистерді енгізу.
3. Ашық API арқылы қатысушылар мен қызметтерді жеткізушілер арасында қауіпсіз дерек алмасу.

2024 жылы ҰЦҚИ-ды дамытудағы негізгі бағыт – төлем инфрақұрылымының жаңа элементтерін құрып, нарыққа қатысушылар арасында қауіпсіз және өзара ашық іс-қимылды қамтамасыз ету үшін қолданыстағы инфрақұрылымды құру.

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесін, Open API және Антифрод-орталығын іске қосу ісі қаржылық инклюзияны (қолжетімділікті) нығайтты, қауіпсіздік деңгейін арттырды және елішілік операциялардың дербестігін нығайтты.

Қазіргі уақытта ҚҰБ инфрақұрылымы тәулігіне 5,9 трлн теңгеге 350 000-нан астам транзакцияны өңдейді және айына 2,5 млн-нан астам цифрлық сәйкестендіру операциясын жүргізеді.

Бұдан басқа, 2024 жылы «Цифрлық теңге» жобасының екінші кезеңі аясында мемлекеттік және бағдарламаланатын төлемдерде цифрлық валютаны пайдаланудың жаңа сценарийлері сынақтан өткізіліп, ел экономикасына толық көлемде енгізу үшін негіз қаланды.

ҰЦҚИ – нарықтың барлық қатысушылары үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, икемді, орнықты және бәсекеге қабілетті қаржы жүйесін құруға ықпал ететін стратегиялық жоба. Айта кетейік, ҰЦҚИ операторы – ҚҰБ Ұлттық төлем корпорациясы.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:**

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)